

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Әр елде мемлекет азаматтарының құқықтық жағдайы онда тұрып жатқан шетел азаматтарының құқықтық жағдайынан өзгеше екені баршамызға мәлім. Бұл ерекшелік белгілі бір мемлекет аумағына қатысты шетел азаматтары құқықтарының кейбір жағдайларда шектелетіндігінен көрініс табады. Мысал ретінде айтар болсақ, кейбір мемлекеттерде жергілікті жұмыс күштерінің мүдделерін қорғау мақсатында шетелдіктердің заңды еңбек етулеріне қатаң шектеулер қойылған [1].

Ал басқа мемлекеттерде этникалық тепе-теңдікті сақтау мақсатында азаматтық алу мен тұруға рұқсатнама алудың ерекше күрделі процедурасы белгіленеді. Жалпы ереже бойынша, заң шетел азаматтарына мемлекеттік қызметтермен айналысуға, сайлауға қатысуға, кейбір істермен айналысуға және т.б. тыйым салады. Ұлттық және мемлекеттік мүдделерді қорғаудың аталған шаралары кейбір адамдарға ұнамауы мүмкін, бірақ егер олар заң негізінде орындалатын болса, түсінікті әрі кең көлемде қолданылатын шаралар болып табылатыны даусыз. Жағдайлардың осылайша орын алуын Қазақстандағы шетелдіктерге берілетін құқықтар мен бостандықтарды талдау негізінде де байқауға болады.

Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың құқықтары Ата Заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген. Қазақстан Республикасының Конституциясы, өз кезегінде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекітуде халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларына сүйенеді. Қазақстанның егемендікке ие болып, тәуелсіз мемлекетке айналуы, оның көптеген мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнатуына алып келді. Осыған байланысты жылдан-жылға Қазақстан Республикасына әртүрлі жағдайларға байланысты шетел азаматтарының келуі орын алуда. Осы тұста біздің мемлекет алдында оның аумағына келуші шетел азаматтары қандай құқықтар мен міндеттерге ие бола алады деген мәселелер кешені пайда болды. Бұл мәселе тек теориялық қана емес, тәжірибелік маңызға да ие екені даусыз. Бұл мәселелерді шешуде, әрине, кез келген мемлекет халықаралық-құқықтық нормаларға сүйенетіні сөзсіз, сондықтан да халықаралық құқық нормаларының шетел азаматтарының құқықтық жағдайын реттеуге бағытталған кез келген ішкі заңнама нормаларынан басым күшке ие болатыны белгілі. Бұл ереже Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағында көрініс тапқан: «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде тікелей қолданылады» [2]. «ҚР шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» ҚР Президентінің заңи күші бар 19 маусым 1995 жылғы Жарлығы азаматтардың үш санатын бөліп көрсетеді:

- Қазақстан азаматтары;
- Шетел азаматтары;
- Азаматтығы жоқ тұлғалар [3].

Олардың бір-бірінен ерекшелігі басқа мемлекеттердегі ерекшеліктермен ұқсас десе де болады. Қазақстанның азаматы ретінде тиісті құжаттық дәлелдемелері бар тұлғалар танылса; Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттік азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі бар адамдар Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары болып танылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі жоқ адамдар азаматтығы жоқ адамдар болып танылады.

Қазақстан азаматтары құқықтар мен бостандықтардың ең көп көлеміне ие болса, ең аз құқықтар мен бостандықтар көлеміне азаматтығы жоқ тұлғалар ие екені айтпаса да түсінікті жайт. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 4-тармағында: «Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады» [2], - деп көрсетілген.

ҚР аумағында заң бойынша шетел азаматтарына келесідей құқықтар беріледі:

- еңбек қызметіне және демалысқа;
- денсаулық сақтауға;
- әлеуметтік қамсыздандырылуға;
- тұрғын үйге;
- тұрғын үй мен өзге де мүлікке меншік етуге;
- авторлық құқыққа ие болуға;

- білім алуға;
- қоғамдық бірлестіктерге қатысуға;
- мәдениет жетістіктерін қолдануға;
- некеге тұруға және оны бұзуға;
- шетел азаматтары үшін ашық Қазақстан Республикасы аумағында еркін жүріп-тұруға;
- ҚР заңнамаларымен бекітілген тәртіпте тұрғылықты жерді еркін таңдауға;
- шетел азаматтарына ар-ождан бостандығы кепілдендіріледі;
- тұрғын үйге, ар-намысына және қадір-қасиетіне қолсұғылмаушылық [3].

Шетелдіктер өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға қатысты туындаған барлық міндеттерін атқарады, алымдар мен салықтар төлейді, ҚР-да әскери қызметке тартылмайды, мемлекеттік өкілетті және өзге де сайланбалы органдар мен лауазымдарға дауыс бере алмайды және сайлануға құқығы жоқ, сонымен қатар ҚР референдумдарына қатыса алмайды.

Қазақстан Республикасына шетел азаматтарының келу және оның аумағынан кету «ҚР шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» 19 маусым 1995 ж. ҚР Президентінің заңи күші бар жарлығымен, «Шетел азаматтарының Қазақстанға келуі мен Қазақстан Республикасынан кетуін тіркеудің тәртібі туралы» 12.12.1995 ж. № 301/249 Ережемен, 28 қаңтар 2000 ж. №136 «Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуі мен онда болуы, сонымен қатар Қазақстан Республикасынан кетуінің ережелерімен», ҚР визаларын берудің тәртібі туралы Ережелермен реттеледі. ҚР-ға келу үшін шетел азаматына, негізінен, қолданыстағы төлқұжаты немесе оны алмастыратын құжаттарының болуы жеткілікті.

Алайда қазіргі таңдағы құқықбұзушылықтар мен олардың үрейлі әлеуметтік нысаны – қылмыстардың халықаралық деңгейге көтерілуі мемлекеттер мен қоғамға, онда тұрып жатқан адамдардың өмірі, денсаулықтары мен мүлігіне қауіп төндіруі жиілеп кетті [4]. Бір мемлекетте басталған қылмыс өз жалғасын келесі мемлекеттерде тауып жатқан жағдайлар аз емес. Сондықтан кез келген мемлекет өз аумағына сырттан келетін шетел азаматтарына келу, ол жерде болу мен одан кетудің тәртіптерін немесе қандай жағдайларда келуге не кетуге тыйым салынатынын заң жүзінде егжей-тегжейлі ашып көрсетеді.

Қазақстан Республикасына келу шетел азаматына мына жағдайларда рұқсат етілмеуі мүмкін:

- а) мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті қорғау немесе халықтың денсаулығын сақтау мүдделеріне бола;
- ә) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақыратын болса;
- б) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни дұшпандықты өршітетін болса;
- в) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;
- г) егер ол террористік әрекеті үшін сотталған болса немесе сот оны аса қауіпті рецидивист деп таныған болса;
- ғ) егер ол бұрын Қазақстан Республикасынан қуылған болса;
- д) егер Қазақстан Республикасында бұрын болған кезінде Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы заңдарды, республиканың кедендік, валюталық немесе өзге де заңдарын оның бұзу фактілері анықталған болса;
- е) егер келу туралы өтініш жасалған кезде ол өзі жайында жалған мәліметтер хабарлаған болса немесе қажетті құжаттарды тапсырмаған болса [5].

Келу визаларын немесе оларға сәйкес келетін басқа құжаттарды Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық өкілдіктері немесе жекеленген жағдайларда Қазақстан Республикасының бұған арнайы уәкілдік алған өкілдері береді.

Қазақстан Республикасынан кету кезінде шетел азаматтары қолданыстағы шетелдік төлқұжаттар немесе Қазақстан Республикасының бұған уәкілдік алған мемлекеттік органдары берген кету визалары болған жағдайда сол төлқұжаттарды алмастыратын құжаттар бойынша, егер тиісті елмен жасалған келісімде өзгеше тәртіп белгіленбесе, Қазақстан Республикасынан кетеді.

Қазақстан Республикасынан кетуге шетел азаматына мына жағдайларда рұқсат етілмейді:

- а) егер оны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіздер болса - істі жүргізу аяқталғанға дейін;
- ә) егер ол қылмыс жасағаны үшін сотталған болса - жазаны өтеп болғанға немесе жазадан босатылғанға дейін;
- б) егер ол өзіне сот жүктеген міндеттемелерді орындаудан жалтаратын болса - міндеттемелер орындалғанға дейін;

в) Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген өзге де негіздер бойынша [3].

Шетел азаматының Қазақстан Республикасынан кетуі ол Қазақстан Республикасы азаматтарының, басқа жеке және заңды тұлғалардың елеулі мүдделерімен байланысты мүліктік міндеттемелерді орындағанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған, әкімшілік және басқа құқық бұзған шетел азаматтарына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленгеннен басқа жағдайларда, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей негіздерде жауапкершілік жүктеледі.

Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзған, яғни тұруға құқық беретін құжаттарсыз тұрған немесе жалған құжаттар бойынша тұрып жатқан, тіркелудің немесе жүріп-тұру мен тұрғылықты жер таңдап алудың белгіленген тәртібін сақтамаған, өздеріне белгіленген болу мерзімі өткеннен соң кетуден жалтарған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жүріп өту ережелерін орындамаған шетел азаматтары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жүріп өту ережелерін өрескел бұзуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтырады.

Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы заңдарды бұзған шетел азаматына оның Қазақстан Республикасында болу жөнінде белгіленген мерзімі қысқартылуы мүмкін. Шетел азаматының Қазақстан Республикасында болу мерзімі одан әрі болуы үшін негіздері қалмаған жағдайларда да қысқартылуы мүмкін.

Шетел азаматы мына жағдайларда Қазақстан Республикасының шегінен қуылуы мүмкін:

а) егер оның іс-әрекеті мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе қоғамдық тәртіпті қорғау мүдделеріне қайшы келетін болса;

ә) егер бұл халықтың денсаулығы мен адамгершілік қасиетін сақтау, Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

б) егер ол Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы заңдарды, Қазақстан Республикасының кедендік, валюталық немесе өзге де заңдарын бұзса;

в) егер Қазақстан Республикасының азаматымен некеге тұруы оны Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру үшін негіз болып табылып, заң актілерімен белгіленген тәртіппен неке заңсыз деп танылған жағдайда [6].

Қуып жіберу туралы шешімді Қазақстан Республикасының бұған уәкілдік берілген мемлекеттік органдары қабылдайды. Шетел азаматы осы шешімде көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасынан кетуге міндетті. Кетуден жалтарушылар мұндай жағдайда прокурордың санкциясы бойынша ұсталуға және ықтиярсыз қуылуға жатады. Бұл орайда қуып жіберу үшін қажет мерзімге ұстап қалуға жол беріледі. Олар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінде ұсталады.

Азаматтық қатынастарда шетелдіктерге заң бойынша кейбір шектеулер қойылатынына жоғарыда атап өттік. Алайда осы шектеулерге ерекше көңіл аударған жөн. Айрықша құқықтық мәнге ие айғақ – Қазақстан заңнамасы шетел азаматтарын келесідей бөліп қарастыратындығында:

- Қазақстанда тұрақты тұратын шетел азаматтары;
- және уақытша жүрген шетел азаматтары [3].

Шектеулердің көлемі Сіз осы екі топтағы шетел азаматтарының қайсысына жататындығыңызға байланысты. «Ерекшелікті көрсететін белгі не болып табылады?» деген сұрақ туындауы сөзсіз. Оған жауап: Қазақстан Республикасында тұрақты тұрушылар деп, соған ішкі істер органдарының берген рұқсатын және шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярлығын алған шетелдік азаматтар танылады. Қазақстан Республикасында өзгедей заңды негізде жүрген шетел азаматтары Қазақстан Республикасында уақытша болатындар деп есептеледі. Олар белгіленген тәртіппен келген кезден бастап санағанда 3 күн мерзім ішінде ішкі істер органдарында тіркелуге және өздеріне белгіленген болу мерзімі өткен соң Қазақстан Республикасынан кетуге міндетті.

Шетел азаматтарының орта есеппен алғандағы арақатынасы, тұрақты тұратын шетел азаматтарының көлемі 4% болса, уақытша жүрген шетел азаматтарының саны 96%-ға саяды [7]. Яғни, Қазақстан аумағындағы шетел азаматтарының негізгі бөлігі бизнес мәселесімен жүргендер десе де болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, осы екі шетел азаматтары санаттары әртүрлі құқықтық мәртебеге ие. Қазақстанда тұрақты тұратын шетел азаматтары азаматтық қатынастарға түсу кезінде Қазақстан азаматтарымен тең негізде құқықтарға ие болады, мысалы: жұмысқа орналасуға, жылжымайтын мүлікті сатып алуда, Қазақстан аумағында ұзақ уақыт болуға және т.б. Ал уақытша

жүрген шетел азаматтарының, Қазақстан азаматтары мен тұрақты тұратын шетел азаматтарымен салыстырғанда, құқықтары біршама шектелген.

Мысал келтіретін болсақ, олар Қазақстан аумағында ұзағырақ болу үшін белгілі бір себептері болуы керек. Қазақстан аумағында компания ашатын болған жағдайда, уақытша жүрген шетел азаматы жұмысқа орналасып, сол еңбегіне жалақы алу үшін тек тиісті жұмыс істеуге арнайы рұқсат алғаннан кейін ғана кірісе алады. Егер тұрақты тұратын шетел азаматы, мысалы, Питер Қазақстанда пәтер немесе өзге де жылжымайтын мүлік сатып ала алса (шетелдіктер тек жалға ғана ала алатын жер учаскелерін қоспағанда), ал уақытша жүрген шетел азаматы Биллдың заң бойынша оған құқығы жоқ. Осылайша, Билл және сол секілді өзге де уақытша жүрген шетел азаматтарының Қазақстан аумағынан жылжымайтын мүлікке тікелей ие бола алу құқықтары шектелген. Ал тұруға ықтиярлық алып, тұрақты тұратын шетел азаматы болу, өзге де мемлекеттердегі сияқты оңай шаруа емес, әсіресе егер ол үшін дәйекті себептер болмаса. Әрине, жылжымайтын мүлік және өзге де мәселелерге қатысты жағдай ҚР-дағы уақытша жүрген шетел азаматтарының іскерлік мүмкіндіктерін шектейтіні даусыз. Сонымен бірге мұндай тең емес жағдайда болу мәселесі Питер мен Биллді, құқықтық тұрғыда, бизнестің тең емес қатысушыларына айналдырады. Ал бизнестің өз талаптары мен шарттарын белгілейтіні тағы бар. Себебі бизнеспен айналысуда жылжымайтын мүлікті өз меншігінде иемдену оны басқа біреуден жалға алғанға қарағанда тиімді әрі ыңғайлы болып есептеледі.

Бірақ өкінішке орай, ҚР-да уақытша жүрген шетел азаматтарына жылжымайтын мүлікке тікелей иемденуге тыйым салынғанына қарамастан, Қазақстан заңнамасы оларға жылжымайтын мүлікке жанама иемденуге мүмкіндік жасаған десе де болады [7]. Заңнамаға сәйкес, тәжірибе жүзінде Қазақстандағы уақытша жүрген шетел азаматтары жылжымайтын мүлікке әртүрлі мақсатта жанама меншіктене алады. Мысалы, уақытша жүрген шетел азаматы бизнесмен болса, ол жылжымайтын мүлікті бизнеспен айналысудың құралы ретінде иемдене алады. Жылжымайтын мүлікке жанама иемденудің басты мәні – заңды бұзбай-ақ, уақытша жүрген шетел азаматы осы жылжымайтын мүлікке қатысты келесідей әрекеттер жасауда ешқандай кедергіге ұрынбайтындығын көрсетуге болады:

- өзіне тиесілі жылжымайтын мүлікке меншік иесі ретінде билік етіп пайдаланады;
- керек жағдайда оны сата алады;
- жалға алған кездегі төлем төлемейді.

Заңнамада кеткен осындай олқылықтар азаматтық, әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылықтардың қайнар көзіне айналып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан, біздің ойымызша, заң – «Заң» деп аталғандықтан, ол нақты көрініс тауып әрі қатаң орындалса, аталған келеңсіздіктерге жол берілмейді.

1. Лазарев Л. В. Иностранные граждане (правовое положение). - М.: Российское право, 1992.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995.

3. «ҚР шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» ҚР Президентінің заңи күші бар Жарлығы, 19 маусым 1995.

4. Ануфриева Л. П. Иностранные физические лица: правовое положение в России // Российская юстиция, 1997, № 6. - С. 45-47.

5. Шетел азаматтарының Қазақстанға келуі мен Қазақстан Республикасынан кетуін тіркеудің тәртібі туралы Ереже, 12.12.1995 ж. №301/249.

6. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуі мен онда болуы, сонымен қатар Қазақстан Республикасынан кетуінің ережелері, 28 қаңтар 2000 ж. №136.

7. Правовой статус иностранцев в Казахстане // Мысль №8, 1999. - С. 43-47.

\*\*\*

Проблема определения правового положения иностранных граждан требует соответствия международным документам, регулирующих статус иностранцев. Исходя из этого, в данной статье автор комплексно рассматривает ряд важных вопросов, связанных с содержанием структуры и объемом прав и обязанностей иностранцев в Республике Казахстан

\*\*\*

The problem of defining of the legal status of foreign citizens requires to be coincided to the international documents regulating status of foreigners. That is why in this article the author completely investigates a number of important questions connected with subject-matters of structure, volume of rights and obligations of foreign citizens in the Republic of Kazakhstan.

## **О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ ПОНЯТИЯ КОНТРАКТОВ КУПЛИ-ПРОДАЖИ ВО ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

При заключении внешнеэкономической сделки перед субъектами всегда стоит вопрос о выборе права, применимого к ее регулированию. Он возникает вследствие того, что место нахождения сторон, а также место исполнения внешнеэкономических сделок не совпадают. Сторонам требуется выбрать право конкретной страны для урегулирования своих отношений.

Надо признать, что механизм правового регулирования внешнеэкономических сделок несколько сложен, хотя хорошо наработан практикой. Сложность его обуславливается наличием множества коллизионных норм в нашем отечественном праве, что в какой-то степени препятствует качественному применению права к сделке. Наличие коллизионных норм в праве, касающемся внешнеэкономической деятельности, объясняется тем, что право различных государств регулирует одни и те же отношения по-разному. И до тех пор, пока право государств не будут регулировать эти отношения одинаково, будут существовать коллизии. Представляется, что данная проблема не будет решена в ближайшем будущем и поэтому на сегодняшний день имеет смысл и необходимость изучения данной темы. А точнее вопроса об особенностях оформления, заключения и исполнения внешнеэкономических сделок.

Для того чтобы сделка была заключена и исполнена грамотно, сторонам, в ней участвующим, необходимо хорошо ориентироваться в следующих вопросах: во-первых, что такое сделки, их виды и формы, а также условия их действительности; во-вторых, что собой представляют внешнеэкономические сделки: их виды, содержание; в-третьих, порядок разрешения споров, вытекающих из внешнеэкономических сделок и механизм признания и исполнения решений арбитража.

Основной правовой формой экспортно-импортных внешнеэкономических операций в Республике Казахстан является внешнеторговый договор (контракт). В современном казахстанском гражданском законодательстве нет легального определения внешнеторгового договора, исходя из которого можно было бы в каждом конкретном случае обосновывать внешнеторговый характер непосредственной сделки. Более того, в Гражданском кодексе Республики Казахстан (далее – ГК РК) отсутствуют также общие нормы, закрепляющие признаки внешнеэкономического договора и систему таких соглашений.

По этой причине проблема юридической квалификации сделок в качестве внешнеторговых для целей правоприменения (таможенного оформления, льготного налогообложения, валютно-экспортного регулирования и т.п.) переносится на местный уровень, что в условиях отсутствия единой практики на местах нередко влечет различные подходы к определению юридической природы конкретной сделки и порождает споры участников внешнеторговой деятельности с органами финансовой полиции, налоговыми инспекциями, таможенными органами, службой валютного экспортного контроля и др.[1]

В ст. 1 Закона «О регулировании торговой деятельности» от 12 апреля 2004 года содержится определение внешнеторговой деятельности, базируясь на котором внешнеторговую сделку (правовую форму этой деятельности) можно было бы определить как предпринимательский договор, регулирующий отношения в области осуществления купли-продажи товаров, связанные с их вывозом из Республики Казахстан и (или) ввозом в Республику Казахстан. Однако такое определение, основанное на допущенном законодателем отождествлении внешнеэкономической и внешнеторговой деятельности, на наш взгляд, неоправданно широко. В соответствии с ним к внешнеторговому контракту следует отнести, например, договор подряда (обмен результатами выполненной работы), что противоречит ГК РК, рассматривающему торговую сделку и сделку подряда, в качестве самостоятельных договорных типов.

Внешнеторговый договор – это вид хозяйственной сделки, то есть соглашение экономических агентов, один из которых является резидентом Республики Казахстан либо, также, являясь резидентом Республики Казахстан, имеет за рубежом коммерческую организацию, направленное на установление, изменение или прекращение гражданских прав и обязанностей при осуществлении торговых (экспортных, импортных и реэкспортных) операций [2].

Представляется, что он должен включать в себя следующие императивные и факультативные признаки. К императивным признакам, обязательно отражаемым в каждом внешнеторговом контракте, относится следующее: